

Committed to Excellence



KIMEP UNIVERSITY

**IX KIMEP International
Research Conference**

April 19-21, 2012

Almaty, Kazakhstan

Turgan Zhanadilov	Anxiety in Learning a Foreign Language	88
Sholpan Zharkynbekova	Integration Processes in Kazakhstan and Their Influence on the Process of Language Planning	90
<i>Kazakh and Russian language sessions</i>		
Шырынхан Абдиева	Студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру әдістері	95
Меруерт Акимбекова	Шет тілдерін үйренуде мобильді құралдарды қолдану: тәжірибе және пікірлер.	96
Бакгүл Ашегова	Ағылшын тілі оқытушыларының педагогикалық этикасы	99
Б.Ш. Батырхан	Тұран өркениеті – казак өркениетінің негізі	102
Нұр-Айша Бекеева	Қазак тілін үйретуде ауызекі тілде қалыптасқан ықшамдалған қолданыстар рөлі	107
Сәуле Бектемірова, Данель Қарағойшыева	Түрлі этнос өкілдері мәдениаралық құндылықтарының тілдік ерекшеліктері	110
Ләйлә Ерменбаева	Қазак тілін online технологиялар арқылы оқыту өзектілігі	113
Зәуреш Ерназарова	Этносинтаксистік зерттеулердің ғылыми - әдістемелік негіздері	116
Әсел Қалығұлова	Студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылтын әдіс-тәсілдер	118
Динара Қойшығұлова	казак тілінде келісу/келіспеуді білдіретін бейвербалды амалдар	121
Акмарал Құрманәлиева	Қазак тілі сабағында студенттердің жазу дағдысын дамыту	126
Жаңыл Мажикенова	Лингвомәдениеттанудың өркениетке әсері	127
Дидарай Утенова	Студенттің жазылым іскерлігін дамыту	129
Раушан Смағұлова	Екінші шет тілін оқытудың тиімді жолдары	132
Жаркынбике Сүлейменова	Болашак маманның казакша сөйлеу тілін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану	134
Элеонора Сулейменова.	Регионализация стандартных языков: от 'советского' к 'казахстанскому' варианту русского языка?	137
Жумағали Абуов	О реализации проекта закона о государственном языке в Республике Казахстан	140
Улболсын Абишева	Образная символика современной поэзии Казахстана	144
Сания Бақимбаева	Критическое мышление в развитии навыков овладения и говорения	148
Гульнара Досыбаева	Высшее образование как один из главных национальных приоритетов	150
Гулом Исмаилов	Омонимия Трапстерминов	153
Марина Карачевцева	Эффективность использования метода проектов в обучении профессиональному иностранному языку	158
Бахтиор Каримов	Как превратить язык Абая в мировой язык? (Создание языка ортапторк как основа прорывного повышения социального статуса казахского языка)	161
Г.Б. Мадиева, В.И. Супрун	К проблеме эволюции казахских фамилий: за или против	163
М.А. Мустафина	Роль педагогического творчества и мастерства	165
Сауле Мухамедова	Структура урока и роль учителя в процессе обучения	168
Шолпан Нургожина	Основные компоненты механизма функционирования вербального интеракта (коммуникативное «поле» интеракта)	169
Элеонора Сулейменова, Ольга Алтынбекова, Людмила Екшембеева, Зинаида Сабитова	Проблема адаптации учебных пособий по морфологии современного русского языка для филологических специальностей вузов Казахстана	171
Дамина Шайбакова	Оценочные смыслы в дискурсе о национально-	173

- казак тілін оқытуда тіл үйренушінің ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.
- үнем занының тіл үйретудің барлық деңгейлеріндегі өзіндік орнын т.б мәселелерді зерттеуге мұрындық болады. Қазак тілін өзге ұлт өкілдеріне және шет елдіктерге үйрету әдістемесінде жан-жақты жетілдіре зерттеу болашақ жұмыстар мен тәжірибелер еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Морфонология. <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Шаханов М. Кешікпей келем ден ен. (Қазак әндерінің антологиясы. Екі томдық /Құраст.Ә. Нұрбаев. - Алматы: Өнер, 1991. Птом. -336 бет
3. Құнанбаев А. Әбдірахманға. Абай(Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Жазушы, 1986 Т.1: Өлеңдер мен поэмалар, 304 бет
4. Құнанбаев А. Қаранғы күнде тау қалғып. Абай(Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Жазушы, 1986 Т.2:Аудармалар мен кара сөздер, 200 бет

Түрлі этнос өкілдері мәдениаралық құндылықтарының тілдік ерекшеліктері

Бектемірова Сәуле, Қарағойшиева Дanelь
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
 bektemirova_s77@mail.ru, danel.karagoish@mail.ru

«Every language is a temple in which the soul of those who speak it is enshrined» – Oliver Wendell Holmes.

Абстракт: Оливер Уендел Холмстың «әрбір тіл – осы тілде сөйлейтін адамдардың жан дүниесі сақталатын ғибадатхана іспеттес, – деген тұжырымы тілдің адам өміріне ғана емес, сонымен қатар оның мәдениетін айқындайтын негізгі қорған екендігін нақтылай түседі. Әрбір ұлт өкілі үшін өзінің мәдениетін сақтауы, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі, сол ұлт тілінің ең маңызды қызметі. Дәл осы қызмет сол ұлт өкілі тұлғасының қалыптасуына, ұлттық мінезінің, ұлтаралық қатынасының, ұлттық, халықтық қатынастарының қалыптасуында маңызды, шешуші рөл атқарады [5].

Тіл халықтың мәдениетін толыққанды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуші құрал. Ол тілдік санада сақталып, көрініс тауып отырады. Ресей ғалымы Н.В Уфимцеваның пікірі бойынша, «тілдік сана *элементтік таным, лексика, сөз тіркесі, фразеологизм, мәтін, бейнелеу* сияқты тілдік құралдардың жиынтығынап, бірлігінен тұрады. Тілдік сана өзге ұлттардың мәдениетін, қызметін танудың дереккөзі ретінде қарастылады, әрі өз мәдениетін тану құралы ретінде қызмет етеді» [6].

«Қоршаған ортаны тану барысында адам өмірден өзіне керек бөліктерді, яғни не пәрсенің керек/керек еместігін, не пәрсенің маңызды/маңызды емес екендігін, белгілі бір пәрсесіз өмірін елестете алу/алмайтынын немесе мүлде керек емес екендігін шешеді. Осының нәтижесінде ол өзінің өмірге деген өзіндік құнды көзқарасын қалыптастыра отырып, айналадағы заттар мен құбылыстардың мағыналылығы мен маңыздып айқындайды, әрі өміріндегі мағыналық және маңыздылық заңдылықтарына сай бағалайды. Әрбір зат, құбылыс немесе идея өзіше бағаланады, осыған сәйкес оның белгілі бір құндылықтары айқындалады. Бұл қоғамға деген көзқарастың қалыптасуына, маңыздылығына, мағынасына негізделеді» [4, 45-46 бб.].

Тілдік құндылық – мәдениет құндылығы. Әрбір халық құндылықты өздігінше түсінеді. Қазіргі заман тілі құндылықты жаңа қырынан сараптауға мүмкіндік береді. Кеңестік кезең кезінде казактардың және орыстардың тілдік санасында маңызды орын алған жайттар бүгінгі күні кейінгі орынға түсіп, маңыздылығы/өзектілігі мен мағыналылығына сай басқа құбылыстар басымдылық тапытып, қазіргі таңда жапаша синап алууда. Құндылықтың адам өмірінде алатын орны оның мәдениетінің көрінісі. Адам өміріне әсер ететін *құндылық, басымдылық, мағына* мәдениетпен ұштасады. Кез келген ұлт өкіліне жатағын тұлға өзінің мәдениетіне тән ерекшеліктерді толық танып біле алмайды. Әрбір ұлт өкілі өз мәдениетінің ерекшеліктерін тану үшін басқа ұлттың мәдениетімен қарым-қатынасқанда, қарым-қатынасқа түскенде ғана өзінің

халықтық менталитетіне сай айшықтары айқындалады. Осы сәтте мәдени түсініспеушілік, мазасыздық, әлсіздік немесе дағдарыс туындайды. Түсініспеушілікті жою үшін тілдің мүмкіндіктеріне толық тоқталып, шынайылық пен сөйлеу мәдениетін, басқа тілдермен байланысын, мәдени маңызын, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының тілдік ассоциациясына назар аудартады.

Тақырыптық тірек сөздер: этнос, мәдениаралық құндылық, салғастыру, менталитет, ассоциативті эксперимент.

Зерттеу әдістері: Мақалала қазақ, орыс этностар тіліндегі мәдениаралық тілдік бірліктерді жинау, оларды сұрыптау, салыстыру, ассоциативті салғастырмалы талдау секілді әдіс-тәсілдер қолдануылы.

Нәтижелері: Салғастырмалы талдау жасау үшін Н.В. Уфимцеваның 2010 жылы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқыған дәрісінде оның ассоциативтік сөздігінің материалдары пайдаланылды.

1-кесте. Орыс халқының тілдік санасындағы мәдени құндылықтарының ассоциативтік сөздік негізінде айқындалған көрінісі

№	Ассоциат	Қол-во өмір. өзі стим.	№	Ассоциат	Қол-во өмір. өзі стим.	№	Ассоциат
1	человек (адам)	1404	26	стол (үстел)	369	51.5	страх (қорқыныш)
2	дом (үй)	864	27	парень (жігіт)	368	51.5	умный (ақылды)
3	жизнь (өмір)	711	28	дорога (жол)	361	53	долго (ұзақ)
4	плохо (жаман)	691	29	мир (әлем)	360	54.5	далеко (алыс)
5	большой (үлкен)	684	30	говорить (сөйлеу)	355	54.5	сильный (күшті)
6	хорошо (жақсы)	677	32.5	Есть (тамақтану)	354	56	город (қала)
7	нет (жок)	667	32.5	дерево (тал)	354	57	зеленый (жасыл)
8	деньги (ақша)	587	32.5	время (уақыт)	354	58	черный (кара)
9.5	друг (дос)	565	34	жить (өмір сүру)	350	59	боль (ауру)
9.5	дурак (ақымақ)	565	35	думать (ойлау)	349	60	всегда (әрқашан)
12.5	лес (орман)	438	36	я (мен)	347	61	море (мұхит)
12.5	мужчина (ер кісі)	438	37.5	разговор (әңгіме)	344	62	муж (күйеу)
12.5	хороший (жақсы)	438	37.5	свет (жарық)	344	63	счастье (бақыт)
14	день (күн)	436	39	мой (менің)	338	64	солнце (күн)
15	много (көп)	429	40	Красный (қызыл)	330	65	собака (ит)
16	любовь (махаббат)	428	41	машина (көлік)	323	66	кино (кино)
17	работа (жұмыс)	426	42.5	женщина (әйел)	321	67	ум (ақыл)
18	вода (су)	420	42.5	книга (кітап)	321	68	маленький (кішкентай)
19	ребенок (сәби)	413	44	грязь (батпақ)	318	69	сделать (істеу)
21.5	радость (қуаныш)	404	46.5	идти (жүру)	308	71.5	очень (өте)
21.5	все (барлық)	404	46.5	старый (ескі)	308	71.5	предмет (зат)
22	дело (жұмыс, іс)	390	46.5	мальчик (ұл бала)	308	71.5	он (ол)
23.5	плохой (жаман)	378	48	белый (ақ)	304	73	война (соғыс)
23.5	смерть (өлім)	378	49	девушка (қыз)	302	74	ночь (түн)
25	быстро (жылдам)	371	50	мужик (ер кісі)	301	75	земля (жер)

Жоғарыдағы кестеде орыс мәдениетінің тілдік санасы бейнеленген.

- бірінші қатарда қолданылу жиілігі мен стимул саны көрсетілген;
- екінші қатарда берілген стимул саны;
- үшінші қатарда әрбір стимулға берілген ассоциация саны.

1-кестедегі таллаудан байқағанымыз: орыс халқының танымында *адам* стимулы маңызды орын алатынын аңғарамыз. Көрсеткіште оның саны – 1404. Орыс халқының санасында адам факторы ең жоғарғы көрсеткішті иеленген. Сонымен қатар жиілігі жоғары стимулдар қатарына *дом, очаг, семья* жататындығын айқындадық. *Жизнь* стимулы орыс ұлтының өмір деген құндылықты бағалау дәрежесі көрсетілген. Біздің ойымызша, орыс халқының адамдары өмірді сүйеді және әрбір күн олар үшін қымбат, әрі соңғы күніндей өмір сүріп тұрғандай тіршілік етеді.

2-кесте. Ағылшын халқының тілдік санасындағы мәдени құндылықтарының ассоциативтік сөздік негізінде бейнеленген көрінісі

Кез келген халықтың этномәдени құндылықтары жеке тұлғаның өмірінде қандай рөл атқарса, қоғамдағы рөлі де орасан зор екендігі даусыз. Қоғамдағы әрбір тұлға арасында ақпараттар алмасады, сұрыпталады, қоршаған ортамен байланыс туындайды, эмоция, сезім, қарым-қатынастың түрлі жолдары қалыптасады.

«Адам санасында бір уақытта әркімнің мазмұндағы түрлі әрекеттер мен құндылықтар көрініс табады. Олар санада бір-бірімен байланыста жүйелі түрде белгілі бір тәртіппен орналасады. Әрбір құндылықтың мәдени ортадағы алатын орны ерекше, онда адамның табиғатпен, қоғаммен, ортамен байланысы бейнеленеді. Қоршаған ортаның құндылықтарын бағалай отырып, әр ұлт өкілі өзінің көне мәдениетіне, шежірелеріне, жәдігерлеріне, әдет-ғұрпына ерекше мән бере отырып, соның негізінде өз ұлтының негізгі құндылықтар жүйесін қалыптастыра отырып, оны өмірінің нұсқаулығы ретінде қолдануы қажет. Осыған орай әр мәдениеттің өзіндік құндылық жүйесі қалыптасады. Осы жүйеде мәдениеттің тылсым қырлары ашылып, ерекшеліктері айқындалады» [3, 46-47 бб.]

Жоғарыда көрсетілген кестеде басымдылық танытқан *те, тап* ассоциациялары ағылшын азаматтарының ұлттық менталитетін көрсетеді. Ағылшындардың өмірлік ұстанымы туралы А.П. Садохиннің ойы осы стимулға мысал бола алады. Ол былай дейді: «Жаңа замандағы ағылшын азаматтары өз-өзін басқаруды адам бойындағы байлық деп түсінеді. «Өз-өзіңді қолға ал» тіркесі олардың ұраны іспеттес. Адам қаншалықты өзіне берік болса, соншалықты құрметті болады. Қуанышта да, қайғыда да, жеңістер/жеңілістерде де өзін-өзі ұстай білу керек. Сырт көзге, қолдан келсе, іштей де сабырлық сақтай білу керек» [3, 46 б.].

Қазақ халқының тілдік санасындағы мәдени құндылықтарын анықтау үшін ассоциациялық сараптама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің студенттері арасында өтті. Бұл жұмыс 100 сауалнамаға жауап берушінің қатысуымен жүргізілді. Жүргізілген сараптама нәтижесі

3-кесте. Қазақ халқының тілдік санасындағы мәдени құндылықтарының ассоциативтік сөздік негізінде бейнеленген көрінісі

№	Ассоциат	Стимул саны
1	Бесбармақ	25
2	Атамекен	21
3	Ақша	21
4	Жұмыс	19
5	Еріншек	19
6	Домбыра	19
7	Көшпенділер	19
8	Шай	17
9	Қонақжай	16
10	Бала	15
11	Батыр	13
12	Жылқы	8
13	Қымыз	7
14	Мал	3
15	Кен дала	1

Жасалған зерттеу нәтижесін нақты деп айта алмаймыз. Себебі, бұл жасалып отырған сараптама алғашқы және оған қатысушылардың саны да жеткілікті емес. Дегенмен жасалған кішігірім ассоциациялық эксперименттен жалпы қазақ халқының тілдік сана туралы түсінігін көре аламыз. Үшінші кестеде көрсетілгендей қазақтардың тілдік санасындағы бірінші орында тұрған ұлттық тағам *бесбармақ*. Шынында да бұл ұлттық тағам қазақтардың мәдениетінің феномені. Мысалға келтірілген ассоциат қазақтардың мәдениетінен көрініс береді. Қазақтың ұлттық бесбармақ тағамы әрқашан дастарханның көркіні келтіріп тұрады. Қонақ күткенде, мейрамдарда құрметпен жасалатын бұл тағамның түрін Қазақстанда болған кез келген мейман біледі. Кез келген отбасында бұл ұлттық тағам құрметті қонақтарға жасалады және дәстүрге деген құрметті көрсетеді. Бесбармақ – еттен жасалатын тағам. Ол жылқы етінен, сиыр етінен немесе қой етінен жасалады. Қойдың етінен жасалатын болса, ет бір жарым сағат қайнайды, ал сиырдың немесе жылқының етінен жасалса, екі немесе үш сағат қайнайды. Етті жайма-нан немесе кеспе-нанмен ұсынылады. Сорпасына айран катып ішеді. Қатысушылардың бесбармақты стимул ретінде таңдауы бекер емес. Әрбір қазаққа бесбармақтың ұлттық ерекше құны бар.

Қорытынды: Ұсынылған ассоциативті сөздіктер мен ассоциативті эксперименттер тілдік сананы зерттеуге, мәдени құндылықтарды бағалауға көмектеседі. Бұл жүргізілген сараптама нәтижесі ретінде айтарымыз ассоциациялық сөздік жасау лингвист ғалымдардың міндеті болып отыр. Бұл сөздік түрлерін кез келген мәдени, кәсіби ортада, мәдениаралық қарым-қатынаста түрлі мәдениет иелерінің ортасында қолдануға пайдасы мол тиері сөзсіз. Сөздікті жасау бүгінгі қазақ тіліне өте қажет. Қазақ тілінде жүргізілген сараптама аталған зерттеудің кенеюінің алғашқы көрінісі ретінде айта отырып, болашақта электронды ассоциативті сөздік жасау жоспарда бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Kiss G., Armstrong C., Milroy R., Piper J. An associative thesaurus of English. Edinburg: University of Edinburg, MRC Speech and Communication Unit, 1972.
2. Kluckhohn K., Strodtbeck F. Variation in Value Orientation. – N.Y., 1961.
3. Русский ассоциативный словарь. Прямой словарь от стимула к реакции. Ассоциативный тезаурус современного русского языка. Часть I, II (Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева). – М., 1994. – 224 с.
4. Садохин А.П. Межкультурная коммуникация: Учебное пособие. – М. 2006.
5. <http://psycholing.narod.ru/jaz-soz2004.htm>
6. www.gumer.info/bibliothek-Buks/Linguist/Ter/-13.php

Қазақ тілін online технологиялар арқылы оқыту өзектілігі

Ерменбаева Ләйлә

ҚМЭБИ

Алматы

Қазақстан Республикасы

layla@kimep.kz

Абстракт: Жаңа технологиялардың және интербелсенді ақпараттық телекоммуникациялардың дамуы, оқу ортасының өзгеруі қазақ тілін оқыту әдістемесі методологиясына жаңаша көзқарасты талап етеді. Қазіргі таңда жаңа технологиялар біздің жеке және кәсіби өмірімізде күннен күнге маңызды болып келеді және қазақ тілін үйренудің сапасын өзгертуге теңдессіз үлес қосары хақ.

Қазақ тілін Интернет арқылы оқытуды сөз қылмас бұрын қазақ тілі оқытушыларының компьютерлік сауаттылығы мен медиа сауаттылығы болуы жайында айтқан жөн болар. Өкінішке орай, көп мұғалімдер бұл жаңа заман талабының мәнін терең ұғына бермейді. Сондықтан А.Байтұрсынұлының “білімі көп адам құралы сай ұста секілді: не істесе де келістіріп істейді” [1] деген кемелгер ойы қазіргі таңда бұрынғыдан да өзекті болмақ деп ойлаймыз. Осы күні не істесек те, компьютермен істейтініміз белгілі. Ал студент-жастардың сапалық электрондық техника элементінде суда жүзген балық іспетті екенін тағы білеміз. Бұл факт жалпы оқу және оқыту парадигмасы қанша өзгергенімен, ұстаздың шәкірт алдында әрдайым “ұста” болуы қажет деген ұстанымды жоққа шығармайды.